

Салымшыларға алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "
Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына бюджеттік
кредит берудің негізгі шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 821 қаулысы.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 180-бабының 2-тармағына және "2018 - 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2017 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған салымшыларға алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит берудің негізгі шарттарын бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы, Инвестициялар және даму министрліктері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамымен кредиттік шарт жасасуды;

2) кредит берудің негізгі және қосымша шарттарының орындалуын бақылауды;

3) бюджеттік кредиттің мақсатты және тиімді пайдаланылуын, уақтылы өтелуі мен оған қызмет көрсетілуін бақылауды және мониторингілеуді қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Қаржы, Инвестициялар және даму министрліктеріне кредиттің игерілуі туралы ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 821 қаулысымен
бекітілген

Салымшыларға алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "
Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына
бюджеттік кредит берудің негізгі шарттары

1. "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – қарыз алушы) бюджеттік кредит беру үшін мынадай негізгі шарттар белгіленеді:

1) бюджеттік кредит қарыз алушыға "2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2017 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында 231 "Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген 15000000000 (он бес миллиард) теңге сомасында беріледі;

2) бюджеттік кредит қарыз алушыға мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарында 20 (жиырма) жыл мерзімге жылдық 0,15 %-ға (нөл бүтін жүзден он бес) тең сыйақы мөлшерлемесі бойынша теңгемен беріледі;

3) республикалық бюджеттен кредитті бөлу қарыз алушының корреспонденттік шотына бюджеттік кредиттің барлық сомасын біржолғы аудару жолымен жүзеге асырылады;

4) игеру кезеңі қарыз алушының корреспонденттік шотына бюджеттік кредит аударылған күннен бастап 17 (он жеті) жылды құрайды;

5) бюджеттік кредит бойынша есептелген сыйақыны төлеу жылына 2 (екі) рет жарты жылдық төлеммен жүзеге асырылады;

6) бюджеттік кредит бойынша негізгі борышты өтеуді қарыз алушы оның корреспонденттік шотына бюджеттік кредит аударылған күннен бастап 80 (сексен) айдан аспайтын кезеңді құрайтын жеңілдік кезеңі өткен соң жыл сайын 1000000 (бір миллион) теңге мөлшерінде тең үлестермен жүзеге асырады (осы шарттардың 2) тармақшасында көзделген кредиттің мерзімі өткен соң негізгі қарыздың қалған сомасын өтеу біржола жүзеге асырылады);

7) бюджеттік кредит берудің мақсаты қарыз алушының "Нұрлы жер" мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасына қатысушыларға алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беруі болып табылады, бұл ретте сыйақының түпкілікті мөлшерлемесі жылдық 5 (бес) пайыздан аспауға тиіс.

2. Бюджеттік кредитті беру, өтеу және оған қызмет көрсету бойынша қосымша шарттар Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес кредиттік шартта белгіленеді.